

Көшені қайта атау туралы

Өскемен қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 24 мамырдағы N 1050 қаулысы, Өскемен қалалық мәслихатының 2007 жылғы 24 мамырдағы N 33/11 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Өскемен қалалық Әділет басқармасында 2007 жылғы 1 маусымда N 5-1-62 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы" Заңының 13-бабының 4) және 5) тармақшаларына сәйкес және қалалық ономастикалық комиссиясының 2007 жылғы 17 мамырдағы қорытындысының негізінде Өскемен қалалық мәслихаты **ШЕШТІ** және Өскемен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Урицкий көшесінің атауы Қасым Қайсенов атындағы көшеге қайта аталсын.
2. "Өскемен қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Е.П. Ясинская) қала бюджетін түзету кезінде шығындар сметасына сай аншлағтарды жасауға қаражат қарастырсын.
3. "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Ә.Ә. Маткаримов) 2007 жылғы 31 желтоқсанға дейін қайта атау бойынша жұмыстардың орындалуын қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары С.И. Ферхоға жүктелсін.

Осы шешім мен қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

<i>Сессия төрағасы</i>
<i>Өскемен қаласының әкімі</i>
<i>Қалалық мәслихат хатшысы</i>